

**Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 07 маусымдағы N 252/32-III»"Астана қаласының аумағында құрылыс салу Қағидалары туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 24 мамырдағы N 381/47-III Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2007 жылғы 26 маусымда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 468 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 3 наурыздағы N 432/58-IV Шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2011.03.03 N 432/58-IV (алғашқы ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

Астана қаласы әкімдігінің ұсынысын қарап, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабын және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтері туралы" Заңының 22-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 07 маусымдағы "Астана қаласының аумағында құрылыс салу Қағидалары туралы" N 252/32-III шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 447 нөмірмен тіркелген, 2006 жылғы 03 тамызда "Астана хабары", 2006 жылғы 08 тамызда және 10 тамызда "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешіммен бекітілген, Астана қаласы аумағының  
құрылысы Қ а ғ и д а л а р ы н ы ң :

67 тармағындағы "инспекциядан немесе тиісті қызметтерден жұмыстарды жүргізуіне ордер алуға" деген сөздер "мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары мен тиісті қызметтерде жұмыстарды жүргізу құқығына рұқсат алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

69 тармақтың екінші абзацындағы "Қазуға берілген ордерде көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда коммуналдық шаруашылық органы" деген сөздер "Қазуға берілген рұқсатта көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

бүкіл мәтін бойынша "коммуналдық шаруашылық органы", "коммуналдық шаруашылық органына", "коммуналдық шаруашылық органының", "коммуналдық шаруашылық органынан" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органы", "мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органына", "мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органының", "мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органынан" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

|                        |               |               |                     |
|------------------------|---------------|---------------|---------------------|
| <i>сессия төрайымы</i> | <i>Астана</i> | <i>қаласы</i> | <i>мәслихатының</i> |
| <i>хатшысы</i>         | <i>Астана</i> | <i>қаласы</i> | <i>мәслихатының</i> |